

Қорытындылай келе, құқық
бұзушылықтың алдын алу және
еңбек тәртібін нығайту –
балбақшаның тұрақты дамуы мен
балалардың қауіпсіз, сапалы
тәрбиесін қамтамасыз етудің негізгі
кешілі болып табылады.

Балабақшада еңбек тәртібін сақтау
дегеніміз – жұмыс уақытына
жауапкершілікпен қарау, қызметтік
міндеттерді сапалы орындау.
Әрбір педагог пен қызметкердің
тәртібі мен іс-әрекеті балаларға
үлгі болатынын ұмытпауымыз
қажет.

Еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа кешігу,

құжаттарды уақытында орындамау, қызметтік жауапкершілікке салғырт қарау – ұжымдық жұмысқа кері әсерін тигізеді.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ұжымда түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, Әдеп кеңесінде қарастырылып отыруы тиіс.

Еңбек тәртібін бұзу жағдайлары:
жұмыс уақытының сақталмауы;
кызметтік міндеттерге немқұрайлы қарау;
ішкі тәртіп ережелерін бұзу;
аріптестер мен ата-аналармен
қарым-қатынаста әдеп нормаларын
сақтамау болып табылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу –
тек заң талаптарын орындау ғана
емес, сонымен қатар әрбір
кызметкердің әдеп нормаларын,
кәсіби жауапкершілікті, қызметтік
этиканы сақтауы.

Әдептілік пен тәртіп бар жерде
ұжымдық қарым-қатынас нығайып,
жұмыс сапасы артады.

Балабақша ұжымы – балаларға тәрбие мен білім беретін жауапты орта.

Сондықтан құқық бұзушылықтың алдын алу және еңбек тәртібін сақтау – әрбір қызметкердің кәсіби әрі адамгершілік міндеті болып табылады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Педагогикалық әдеп кеңесі тәрбиеші Мерияш Абулбаева тарапынан педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуы туралы мәселені қарап, төмендегіні қаулы етті:

1. Тексеру нәтижесінде тәрбиеленушіге қатысты дене күшін қолдану фактісі анықталсын.
2. Аталған әрекет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және педагогтің кәсіби әдеп қағидаларына қайшы деп танылсын.
3. Тәрбиеші Мерияш Абулбаеваның өз еркімен жұмыстан шығу туралы өтініші қанағаттандырылсын.
4. Мерияш Абулбаеваның еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тоқтатылсын.
5. Осы қаулы негізінде тиісті бұйрық шығарылсын.

БҰЙРЫҚҚА НЕГІЗ

Педагогикалық әдеп кеңесінің шешіміне сәйкес тәрбиеші Мерияш Абулбаеваның тарапынан педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуы анықталды. Тексеру нәтижесінде тәрбиеленушіге қатысты дене күшін қолдану фактісі тіркелді. Аталған жағдай Қазақстан Республикасының заңнамасына және педагогтің кәсіби әдеп қағидаларына қайшы болып табылады. Осыған байланысты Мерияш Абулбаева өз еркімен жұмыстан шығу туралы өтініш берді. Өтініш негізінде еңбек шарты қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес тоқтатылды.

Құрметті педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері!
Бүгін біз өте маңызды әрі жауапты мәселені қарап отырмыз. Баланың қауіпсіздігі мен құқығы — білім беру ұйымы үшін ең басты құндылық. Бұл қағида ешқандай жағдайда бұзылмауы тиіс. Тексеру барысында тәрбиеші тарапынан тәрбиеленушіге қатысты дене күшін қолдану фактісі анықталды. Мұндай әрекет педагог мәртебесіне, кәсіби әдеп нормаларына және қолданыстағы заңнама талаптарына мүлде сәйкес келмейді. Әрбір педагог өз әрекеті үшін жеке жауапкершілік алуы тиіс. Сондықтан бұл жағдай бойынша тиісті шешім қабылданып отыр. Сонымен қатар, ұжым ретінде біз мұндай келеңсіздіктердің қайталанбауы үшін әдеп нормаларын сақтау, бала құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударуымыз қажет. Алдағы уақытта педагогтермен профилактикалық түсіндіру жұмыстары күшейтіледі. Әр қызметкер өз міндетін атқару барысында заң мен әдеп талаптарын қатаң сақтауы тиіс.

